


## Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназия бойынша «Мектепке жол» акциясының өтуі туралы мәлімет

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы бойынша «Мектепке жол» акциясы бойынша мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде:

1. Мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында білім алушылардың жаңа жинағын ескере отырып, мектептің әлеуметтік паспортын жасақтау басталып, көмекке мұқтаж балалардың деректер банкі қалыптастырылуда;
2. Дәлелсіз себептермен мектепке бармайтын балаларды анықтау мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» (қоғамдық орындар, компьютерлік клубтар) рейдтері ұйымдастырылып, өткізілуде.
3. Бірінші сыныпқа қадам басқан оқушыларды мектеппен, сынып жетекшісімен таныстыру мақсатында оқушыларға дайындық сабақтары, бірінші сынып ата-аналарына ата-аналар жиналысы өткізілді.
4. Акция шеңберінде демеушілік қолдау көрсете алатын өндірістік компаниялар мен коммерциялық ұйымдардың мәліметтер қорын, тізімін жасақталып, олармен байланыс орнатып, әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардың балаларына әлеуметтік көмек көрсету белсенді түрде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда: ТОО Kazprostroj, АО «Еуразиялық Банк» Орал қ. филиалы, ТОО Батыс Копломонтаж, ТОО ГазГид, ИП«Алтынпиг» аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына оқу құралдарын, сумка, мектеп формасын, аяқ киім, спорттық киім алып беріп, демеушілік көмек беруде. Сонымен қатар мектеп-гимназияның бір қатар ата-аналары, ұстаздары (есімдерін атамауды өтініп), қайырымдылық көмек көрсетіп, әртүрлі санаттағы оқушыларға оқу құралдарын алып берді.











2022-2023 оқу жылындағы республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы шеңберінде мектебіміз бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан 42 оқушыға 478000 теңге көлемінде мектеп формасы, аяқ киім, спорттық киім, оқу құралдарынан көмек берілді. Алдағы уақытта да қайырымдылық жұмыстар өз жалғасын табады деп сенеміз.

Мектеп-гимназия директоры

Әлеуметтік педагог



Б.С.Тлекенова

Н.С.Бисембаева